

«Келісемін:»

Түркістан облысының адами
әлеуетті дамыту басқармасының
басшысы:

_____ Р.Жолаев
« » _____ 2021 жыл

«Бекітемін:»

«Ж.Қаппаров атындағы №5
мамандандырылған физика
математикалық М/И КММ-
нің директоры:

_____ Ж.Ахмедов
« » _____ 2021 жыл

**«Жамбыл Қаппаров атындағы
№5 мамандандырылған физика-математикалық
мектеп-интернаты» КММ-нің
2021-2022 оқу жылына арналған
оқу–тәрбие жұмысының ж о с п а р ы**

02-01

Атбұлақ ауылы - 2021 ж.

«Жамбыл Қаппаров атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернаты» КММ-нің 2021-2022 оқу жылына арналған оқу–тәрбие жұмысының ж о с п а р ы

- I. Өткен оқу жылының қорытындылары және дарынды балалармен жұмыс істеудің 2021-2022 оқу жылындағы мақсаты мен міндеттері. Педагогикалық жұмыстардың концепциясы.
- II. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының іске асырылуы.
- III. Педагог кадрлармен жұмыс.
- IV. Оқу -тәрбие процесін ұйымдастыру және оған басшылық.
 - 4.1 Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру және дарынды балалардың жеке шығармашылығын жетілдіру шаралары.
 - 4.2 Оқушылардың қабілетіне қарай саралап оқыту және жеке шығармашылық тұлға қалыптастыру.
 - 4.3 Инновация және IT технологияны оқу процесінде қолдану шаралары.
 - 4.4 Тәрбие жұмыстары және халық педагогикасы негізінде жүргізілетін шаралар.
 - 4.5 Сыныптан, мектептен тыс жұмыстар. Балалар мен жастар ұйымының жұмысы.
 - 4.6 Еңбекке баулу және нарық экономикасына бейімдеу жұмыстары.
 - 4.7 Спортпен шұғылдану, сауықтыру жұмыстары.
 - 4.8 Кітапхана жұмыстары.
 - 4.9 Интернаттағы тәрбие жұмыстары.
 - 4.10 Жаратылыстану пәндері мұғалімдерін үш тілде білім беруге дайындау шаралары
 - 4.11 Мұғалімдердің жаңартылған білім мазмұны бойынша біліктілігін арттыру жұмыстары
- V. Ғылыми-әдістемелік жұмыстар.
 - 5.1 «Н.Назарбаев зияткерлік мектептерінің» озат іс-тәжірибелерін оқыту-тәрбиелеу үрдісіне енгізу.
 - 5.2 Жоғары оқу орындарымен байланыс жұмыстары.
 - 5.3 Мұғалімдер мен оқушылардың ғылыми жұмыстары.
 - 5.4 Әдістемелік семинар жұмыстары және Ж.Қаппаров атындағы пән олимпиадасын облыстық деңгейде өткізу.
 - 5.5 Педагогикалық озат тәжірибелерді ендіру, зерттеу және жинақтау.
 - 5.6 Жас мұғалімдермен жұмыс.
 - 5.7 Мұғалімдердің шығармашылығын ұйымдастыру.
 - 5.8 Әр мұғалімнің жеке даму жоспарымен жұмыс жасауын қамтамасыз ету
 - 5.9 Коучинг, Лессон стади топтамаларын жүйелі түрде жүргізуге маңыз беру
- VI. Мектепшілік басшылық пен бақылау.
 - 6.1 Педагогикалық кеңес.
 - 6.2 Директор жанындағы кеңес.
 - 6.3 Қоғамдық ұйымдардың мәжілістері.
- VII. Ата-ана, жұртшылық және мекемелермен байланыс.
- VIII. Материалдық-техникалық базаны нығайту және шаруашылық жұмыстары.

Өткен оқу жылының қорытындысы және жаңа 2021-2022 оқу жылында дарынды балалармен жұмыс істеудің мақсаттары мен міндеттері

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының « Жамбыл Қаппаров атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 24 мамырдағы «Дарынды балалар үшін мектептерді дамыту және мемлекеттік қолдау көрсету туралы» №3002 үкімі негізінде, облыс әкімдігінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы №380 шешімімен құрылған.

Мектептің бағыты - физика-математикалық. Мектептің алдына қойған мақсаты - облыс көлемінде математика және физика пәндеріне бейім, денсаулығы мықты оқушыларды іріктеп, оларға ғылым негізінде терең әрі тиянақты білім бере отырып, жеке тұлғаның шығармашылық, рухани қабілеттерін қалыптастыру.

Мектеп-интернат ғимараты 2014 жылы заманауи үлгіде салынған. Мектеп ғимараты- 400 оқушыға, жатақхана ғимараты-300 оқушыға арналған. Барлық үй-жайларының жалпы алаңы-10780,0 шаршы метр. Оқу кабинеттерінің саны-29. Оның ішінде соңғы үлгідегі арнайы пән кабинеттерінен 1 мультимедия кабинеті, 2 информатика кабинеті, 5 математика кабинеті, 4 физика кабинеті, 1 химия кабинеті, 1 биология кабинеті, 2 лингафон кабинеті жұмыс жасайды. Спорт залы, спорт алаңдары, жаттығу залы, мәжіліс залы, 130 орындық асханасы, кітапханасы бар. Кітап қоры-10294.

Қазақ, орыс тілдерінде білім беретін мектептің 15 сынып комплектісінде қазіргі сәтте 341 оқушы бар. Оның ішінде қазақ тілінде оқитын сыныптардың саны-10, орыс тілінде оқитын сыныптар саны-5.

Педагог кадрларды жұмысқа қабылдау конкурстық негізде қатаң түрде білім-білік дағдыларын тексеру арқылы іске асырылады. Мектептің бас демеушісі Қаппаровтар отбасының үлкен материалдық қолдауымен білім беру ісіне өзге аумақтардан, өңірлік іргелі жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтардан өз ісінің хас шебері дәрежесіне жеткен кәсіби мамандар арнайы шақыртылған.

2020-2021 оқу жылындағы пән мұғалімдерінің сандық-сапалық құрамы төмендегідей:

Мұғалімдер саны	Дипломы бойынша			Оқу түрі		Санаты			Шеберлік деңгейі				Пән бойынша білім жетілдіру курсынан өткені	ЖББМ бойынша а курстан өткені	Ағылшын тілі бойынша білім деңгейі (тиісті пәндер үшін)			
	жоғары	орта кәсіптік	аяқталмаған	күндізгі	сырттай	жоғары	I	II	Шебер	Зерттеуші	Сарапшы	Модератор			A1	A2	B1	B2
50	50	0	0	39	11	2	0	2	9	17	10	4	21	29	0	0	0	4

Қазақстан Республикасы үкіметінің наградаларын иеленгендер саны - 3. Физика-математика ғылымдарының кандидаты-1, педагогика ғылымдарының кандидаты-1. Үш айлық біліктілік арттыру курсынан өткендер саны-18.

Облыстық, Республикалық семинарларға-37 мұғалім қатысып, біліктілігін шыңдады.

Қатаң білім сынағынан сүрінбей өткен дарынды оқушыларға ғана есік ашатын білім ордасы өзінің бас демеушісі Қаппаровтар отбасының үлкен қолдауының арқасында білім теңізінде еркін көсілуге әлеуметтік жағдайы қолбайлау болатын шын дарын иелерін өз шәкірттері қатарына тартуға айрықша басымдық береді. Себебі 2005 жылы желтоқсанда Нұрлан Қаппаровтың мұрындық болуымен құрылған «Нұрлан Қаппаров» қоғамдық қорының мақсаты-дарынды балаларға, әсіресе еліміздің ауылды аймақтарында тұратын әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілген және физикалық мүмкіндігі шектеулі дарынды балаларға қайырымдылық көмек көрсету болып табылады.

Мектеп Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 1 ақпандағы №35 бұйрығымен «Н.Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарының озат іс-тәжірибесін таратушы тірек мектеп болып бекітілді. Білім мекемесі Шымкент қаласындағы М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетімен, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтымен, физика-математика және химия-биология бағыттарындағы «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарымен және Алматы қаласындағы О.А.Жәутіков атындағы республикалық физика-математикалық мектеп-интернатымен тығыз ғылыми-шығармашылық байланыста. Физика-математика пәндерін тереңдетіп оқыту үшін сабаққа қажетті методикалық, дидактикалық тағы басқа материалдар аталған білім ордаларынан алынады.

Қыркүйек айы бойында мектеп әкімшілігі тарапынан 11-сыныптардан 4 рет онлайн түрде ҰБТ байқау тесті алынып, оның орташа балы-97,7 болды. Педагогикалық ұжым әрбір байқау тест нәтижесіне мұқият анализ жасап, пән мұғалімдері оқушылармен жүйелі түрде қатемен жұмыс жүргізіп отырды.

Ай бойында оқушылардың қашықтан сабаққа қатысуы жіті қадағаланды.

05.09.2020ж күнге дейін оқушыларды алфавиттік кітапқа тіркеп, оқушылар қозғалысына бұйрық жазу жұмысы жүргізіліп, оқушылардың іс қағаздары ретке келтірілді.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ – мен байланыс жасалып, келісім шартқа сәйкес жұмыстар іске асырылды.

Мұғалімдердің мамандығы, шеберлігіне қарай педагогикалық жүктеме бөлінді, сыныптарға жетекшілік тағайындалды, оқу кабинеттеріне мұғалімдер бекітілді, мұғалімдердің біліктілік санаттары белгіленді.

Мектеп әкімшілігі мұғалімдердің ішкі еңбек тәртібін сақтауын, еңбек заңдылығын орындауын үнемі қадағалап жауапкершіліктерін арттыру жұмысын қолға алды.

Сондай ақ мұғалімдердің санитарлық-гигиеналық, техника қауіпсіздік ережелерін орындауы, оқушылардың жазу, сызу құралдарымен қамтамасыз етілуі үнемі қадағаланды.

Негізгі, үйірме, сыныптан тыс жұмыстардың, тәрбие шараларының өту кестелері жасалды.

Оқу бағдарламалары, курстардың жоспарлары, олимпиадаға дайындық бағдарламалары талқыланып бекітілді. Сынып жетекшілердің тәрбие сабақтарын өту кестесі, мектепшілік басшылық пен бақылаудың кестесі жасалды.

Мектептің жарғысымен, жалпы ішкі тәртіп ережелерімен оқушыларды және ата-аналарды таныстыру жұмысы жүргізілді. Жолда жүру ережелерімен, техника қауіпсіздік шараларымен таныстыру, танысқандығы жайлы өздерінің арнайы журналына тіркеу жұмысы жасалды.

Күнделікті және тәрбие жоспарлары жасалып, бекітілді, І-ші жарты жылдықтағы өткізілетін ашық сабақтар мен тәрбие сабақтарының кестесі жасалды.

Филология пәндерінің онкүндігі өткізіліп, іс-шара жоспарына сай ашық үлгілік сабақтар, сыныптан тыс іс-шаралар өткізілді.

Мұғалімдердің сағат жүктемесі жасалып, бекітілді.

Мектеп психологы, сынып жетекші және тәрбиешілер жаңадан келген оқушылардың темперамент типтерін анықтап, психологиялық карталарын түзді.

Жоспарға сай оқушылармен жеке-жеке танысып, мінез-құлқын анықтауға арналған Г.Айзенктің темперамент тесті алынды. Нәтижесі өңделіп, тәрбиешілерімен жұмыс жүргізілді.

7-11 сыныптың ата-аналарымен онлайн жиналыс өткізілді. Онда ата-аналарға қашықтықтан оқыту кезіндегі қолдау мен бағыт-бағдар көрсету керектігі баяндалды.

11-сынып оқушыларымен ҰБТ-ке дайындалу кезіндегі психологиялық қолдау тақырыбында шағын ой бөлісу ұйымдастырылып, оқушылармен жұмыс жүргізілді. Ата-аналар тарапынан 4 сұраныс түсті. Сұранысты орындауда 11-сынып оқушыларымен /сұраныстағы оқушылар/ жеке кеңес жүргізілді.

Кеңес беру бағыты бойынша Ұ – 3, О – 8, АА – 8 кеңес берілді.

1-қыркүйек «Білім күні» мерекесіне орай сыныптарда «Білім күні» тақырыбында қашықтықтан тәрбие сағаттары өткізілді. Қашықтықтан оқушыларды пәндік олимпиадаға дайындау жұмыстарына бақылау жасалды. Мамандық таңдау бойынша оқушылар арасында сауалнама жүргізілді. Оқушылар арасында «Менің экобелгім» тақырыбында сурет байқау ұйымдастырылып, онда білім алушылар өзіндік шығармашылық туындыларынан суреттер ұсынды.

Айлық жоспарға сәйкес қыркүйектің 3-8 күндері аралығында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың мектепішілік кезеңіне қатысатын оқушыларды анықтау жұмысы жүргізілді. Барлық бірлестіктер мүшелерімен қашықтан жиналыс жасай отырып, 7,8,9,10,11 - сыныптар бойынша барлық негізгі пәндерден оқушылар анықталды. Сол тізімдегі 8 және 9 сыныптардан жаратылыстану пәндері бойынша 42 оқушыларға қашықтан тапсырмалар беріліп, солардың ішінен 13 оқушы 2020 жылғы 29 қыркүйекте болатын «Юниор олимпиадасына» қатысатын болып шешілді.

10-15 қыркүйек күндері аралығында қашықтан ғылыми жобамен айналысып жүрген оқушыларды анықтау жұмыстары жүргізілді. Атқарылған жұмыстың нәтижесі бойынша 32 ғылыми жоба іріктеуге салынды. Нәтижесінде 27 ғылыми жоба облыстық кезеңге ұсынылды.

«Юниор олимпиадасының» нәтижесі төмендегі кестеде көрсетілген:

№	Аты-жөні	Пәні	Сыныбы	Оқу тілі	Максималды ұпай/ жинаған
---	----------	------	--------	----------	--------------------------

					ұпайы
1.	Баймахан Шерхан Ермаханұлы	математика	8	қазақ	30/18
2.	Оралбек Дарын Тастаналыұлы	математика	9	қазақ	30/11
3.	Қыдырбек Батырбек Лесбекұлы	физика	8	қазақ	30/18
4.	Тастан Жанерке Айбекқызы	физика	9	қазақ	30/14
5.	Жақсыбай Орынбасар Икрамұлы	информатика	8	қазақ	
6.	Абдухайым Бейбарыс Байғалиұлы	информатика	9	қазақ	
7.	Нәдірбек Әсем Ільясқызы	химия	8	қазақ	45/27
8.	Пернебек Нұрдаулет Құралұлы	химия	9	қазақ	қатыспады
9.	Тастан Шұғыла Сұлтанбекқызы	биология	8	қазақ	30/8
10.	Қамбар Бегайым Нұрлыбекқызы	биология	8	орыс	30/12
11.	Ізбасхан Жансая Полатбекқызы	биология	9	қазақ	30/13
12.	Убайдұлла Рәт Сагиндықұлы	география	8	қазақ	30/18
13.	Жүсіп Ақзат Темірұлы	география	9	қазақ	30/20

Оқушылардың оқулықтармен түгел қамтамасыз етілуін бақылау жұмысы жүргізіліп, бірінші кезекте жағдайлары төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға оқулықтар үлестірілді.

Қамқоршылық кеңесінің жұмысы ұйымдастырылып және оның мүшелерін сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары бекітілді.

Мектепке жаңадан келген оқушылардың құжаттарын зерделеу негізінде көп балалы отбасылардың балалары анықталып, әлуметтік құжаттары толтырылды. Сараптама жасала келе барлығы 342 оқушы ішіндегі жартылай жетімі 14 оқушы, сәтсіз отбасыдан 7 оқушы, көп балалы отбасыдан 187 оқушы, мұқтаж отбасыдан 70 оқушы бар екендігі анықталды.

Қашықтықтан онлайн режимінде оқуға қажет болғандықтан әлуметтік статустағы 8 оқушыға мектеп-интернат балансынан ноутбук берілді.

Қазан айының әр аптасында онлайн түрде 11 сынып оқушыларынан алынған тест нәтижесі бойынша оқушыларға, ата-аналарға және пән мұғалімдеріне қозғау салып отыруға айрықша назар аударылды.

Байқау тесттерінен соң жеке қатемен жұмысқа көп мән берілді.

Онлайн түрде өткен Шығармашылық топ отырысында ҰБТ-ға, ОЖСБ-ға дайындауда мол тәжірибесі бар білікті пән мұғалімдерінің шығармашылық есептері ұйымдастырылды.

28.10-04.11.2020ж күндері аралығы қорытынды апта болып, барлық негізгі пәндер бойынша тоқсандық қорытынды бағалар қойылды. Мектеп оқушыларының тоқсандық қорытынды бағалары бойынша тәрбиеші мен мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып, бақылау жүргізілді. Әсіресе, ортаңғы буын оқушыларына баса назар аударылды. «3»-тік бағалары бар оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Күнделікті оқушылардың білімдерін әр сыныптың тәрбиешілері тексеріп қадағалады.

Мұғалімдер күніне орай 11-сыныптың ұйымдастыруымен онлайн түрде концерттік іс-шара өткізілді.

2020 жылдың қазан айының екінші жартысында мектептің жылдық жоспарына сәйкес орыс орыс тілі мен әдебиеті пәнінің оқытылуы тексерілді.

Тексеру төмендегі критерийлер бойынша жүргізілді:

1. Мұғалімнің сабақ өту әдісі.
2. Оқушылардың сабаққа қызығушылығы, қатысуы.

3. Құжаттарды толтыруы.
4. Оқушылармен қарым-қатынасы.
5. Оқушылардың білімдерін дұрыс бағалауы.
6. Сыныптағы психологиялық жағдай.

Жалпы 4 орыс тілі мен әдебиетті пәні мұғалімдерінің сабақтарына талдау жасалынды;

Үлкендерді сыйлау, аталар сөзінен ғибрат алып, қарттардың қазыналық ақылдарын тыңдай отырып, үлкендерге құрмет көрсету мақсатында 1 Қазан – қарттар күніне арналған «Қарттарым асыл қазынам» тақырыбында бейнероликтер түсіріліп, «Ж.Қаппаров» facebook парақшаларына жарияланды. 8 «а» сыныбында «Қария ақылы-теңіз дария» тақырыбында ашық тәрбие сағаты ұйымдастырылды.

9 а,б,в сыныптармен 02.10.2020ж күні демократиялық қоғамның негізгі принципі – заң алдында барлық адамдардың құқықтары жайлы оқушылардың құқықтық білімін арттыру мақсатында тарих пәні мұғалімдері И.Бегайдарова мен А.Эмм онлайн сабақтар өтті.

03.10.2020 ж күні мектебіміздің ұстаздарына арналған «Аяулы ұстазым» айдарымен челлендж ұйымдастырылды, мақсаты ұстаз еңбегін бағалауға, құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу.

Қазан айына жоспарланған Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие құқықтық тәрбие; еңбек экономикалық және экологиялық ; зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі мен дене тәрбиесі, салауатты өмір салты тәрбие бағыттары бойынша барлық сыныптарда қашықтықтан тәрбие сағаттары әр сенбі сағат 10:00-10:30 аралығында жүйелі өткізіліп тұрды. Атап айтсақ 7 «а» сыныбында өтілген «Рухани жаңғыру-ұлт тарихындағы ұлы белес»; 7 «в» сыныбында «Как мы будем защищать природу»; 8 «а» сыныбында «Береке бастауы –тынымсыз еңбек»; 7 «а» және 9 «б» сыныбында өтілген «Кім тапқыр» интеллектуалды онлайн ойындары; 10 «а» сыныбында «Дені сау жастар-болашағымыздың алтын тірегі» 11 «б» сыныбында «Қоршаған ортаның экологиялық жағдайы мен ауру деңгейі» т.с.с тәрбие сағаттары.

13.10.2020ж 7-9 сыныптар арасында экологиялық мәселелерге байланысты оқушының көзқарасын, ойын білдіретін «Экоюрист» онлайн эссе байқауы өтіп, белсенді оқушылар жұмыстары жинақталып жүлделі орындар берілді. Байқау қорытындысы «Ж.Қаппаров» facebook парақшасында жинақталды.

■ «Сенің достарың» тақырыбында 15.10.2020ж 9-10 сыныптармен тренинг өткізді. 10 а,б,в сыныптарымен 16.10.2020ж «Музей- білім ордасы» тақырыбындағы онлайн сабағында Қазақстан Республикасының ұлттық музейіне онлайн экскурсия жасалды.

«Діни экстремизм мен терроризм» тақырыбында өтілген онлайн сабақтың мақсаты 10 сыныптарға дәстүрлі емес діндер туралы түсінік берді.

Әлемді әбігерге салған пандемияны жеңу қазіргі уақыттың басты проблемасы, сонықтан халқымыздың «Береке басы-бірлікте» дана сөзін

басшылыққа алып 7-10 сыныптармен «Үйде бол,біз біргеміз» тақырыбында мектеп дәрігері бастауымен челлендж ұйымдастырыды.Оқушылар белсене араласып өз ойларын жеткізе отырып,карантин кезінде оқуға,бос уақыттарын қалай тиімді, пайдалы өткізуге болатындығы туралы бейнежазбаларын мектебіміздің « Ж.Қаппаров» facebook парақшасына жіберілді.

«Кім болам?» онлайн сынып сағаты 23.10.2020ж 11 сыныптармен жүргізді. 27.10.2020ж күні «Қазақстан достық пен бейбітшілік тірегі» тақырыбында 9 сыныптармен онлайн сынып сағаты өткізілді.

«Алтын күз» тақырыбында балалар суреттерінің онлайн көрмесі 28.10.2020ж ұйымдастырылып мектебіміздің facebook парақшасында жарияланды.

29.10.2020 ж «Қашықтықтан оқытудағы бала тәрбиесі» тақырыбында мектеп тәрбиешілеріне әдістемелік көмек берілді.

Мектеп әкімшілігі, ата-аналар тәрбиешілермен бірлесе ҚР «Баланың құқығы туралы»заңы мен БҰҰ Баланың құқықтары туралы халықаралық конвенцияны және ҚР «Неке және отбасы заңы» туралы онлайн баяндама оқылды.

Қазан айындағы жоспарға сай 7-сынып оқушыларымен «Орта, мен, отбасым» атты тақырыпта шығармашылық сабағы өткізілді. Ондағы мақсат – оқушылардың жаңа ортадағы қабілеттерін ашық көрсету болып табылады. Мұнда арттерапия әдісінің түрлері қолданылып, оқушыларға бағыт-бағдар көрсетілді. Түрлі-түсті қағаздардан фон беру арқылы тапсырмаларды жасап шықты.

Оқушылардың икемділіктері әр қалай болғандықтан, тапсырмаларды онлайн орындап өтті. Сынып оқушыларының басым көпшілігі қолда бар қажетті заттарды қолданып, гүл бейнесін, сүйіспеншілік бейнесін жасап шықты.

9-10 сынып оқушыларымен «Сенің достарың» тақырыбында онлайн тренинг өткізілді. Мақсаты – сынып оқушыларының арасындағы достық қарым-қатынасты нығайту. Тренингке оқушылар толық қатысты. Онда Дос, Друг сөздерінің мағынасы ашылып, бірнеше жаттығулар орындады. Шағын видео көрсетіліп, дос туралы сұрақ- жауап жүргізілді.

Оқушылар берілген сұрақтарға белсене жауап берді

1. Достың неше түрін білесің?
2. Сыныптастарыңа сенесің бе?
3. Неге бала жауапкершіліктен қашады?
4. Жолдасыңа сенімділік арта аласың ба?
5. Сыныпта жаңа идеяларды еркін талқылай аласыз ба?
6. Сіздің пікіріңізді құптайды ма? Т.б.

11-сынып оқушыларымен пікір алмасу өткізіліп, онда балалардың сынама тест барысында жинаған баллдары мен өзін-өзі ұсай білу дағдылары талқыға салынды.

Кеңес беру бағыты бойынша – 2 О, 1 Ұ, 1 Т кеңес берілді. Әлеуметтік статустағы 13 оқушыға қашықтан оқу үшін бес ноутбук, екі білім бук, бес планшет мектеп интернат балансынан уақытша үлестіріліп берілді.

Балалар қорғау бұрышы ұйымдастырылды. Оған мектебіміздің өнер үйірмесіне қатысатын оқушылары Үсен Мерей «Бақытты балалық шақ», Алқұлова Жұлдыз «Біздің болашығымыз», Әмірбек Асылай «Біз мектепке барамыз» Сапарғали Нұрсұлтан «Әр қашан күн сәнбесін», Зиятай Аяулым «Балаларды қорғау», Қалжигитов Қайрат «Білім ошағы» тақырыптарындағы туындыларын ұсынды.

Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер және тәрбиешілер, медбике, педагог психологпен, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен бірігіп әлеуметтік педагогикалық жұмыстар жүргізілді, нәтижесінде аз қамтамасыз етілген отбасы балалары, көп балалы отбасы балалары, жартылай жетім, сәтсіз отбасы, мүгедек балалардың әлеуметтік статустары анықталып құжаттар толтырылды. Отбасы мен мектеп арасын нығайту жұмыстары жүргізілді. 7-ші сынып оқушыларына төрттік одақ бірігіп әлеуметтік диагностикалық карта жасалды. Әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың ата-аналары мен байланыс жасалынды.

«Терроризмге қарсы күрес» тақырыбына сурет конкурсы ұйымдастырылып, онда төмендегі жұмыстар үздік болып анықталды.

8-9 сыныптардың сынып жетекшілері пән мұғалімдерімен және мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып, үздік, тәрбиелі, қоғамдық белсенді оқушылардың ішінен елдегі эпидемиялогиялық жағдай тұрақталған соң сауықтыру лагерлеріне баратын төмендегі үміткер оқушылардың тізімін қалыптастырды:

8 а сынып оқушысы Атабекова Ұлжан Берикқызы

8 а сынып оқушысы Валихан Ақбаян Даниярқызы

8 а сынып оқушысы Жақсыбай Орынбасар Икрамұлы

8 а сынып оқушысы Кеңес Нұрасыл Нұрболқызы

8 а сынып оқушысы Амзе Арайлым Асылханқызы

9 а сынып оқушысы Абдрасыл Нұрсая Мұратқызы

9 а сынып оқушысы Қаңлыбай Назерке Оразалықызы

9 а сынып оқушысы Қойшыман Мұқағали Қайсарұлы

9 а сынып оқушысы Нұржігіт Мерей Қайсарқызы

9 а сынып оқушысы Рахматұлла Мұстафа Дінмұхаммедұлы

8в класс оқушысы Алпысбай Жібек Тойлыбайқызы

8в класс оқушысы Байсейт Жанерке Бақытжанқызы

8 в класс оқушысы Бақытжан Аслан Нұржанұлы

8в класс Қамбар Бағайым

8 в класс оқушысы Мейрамқұлова Еркежан Ержанова

«Ұстаз тілегі» республикалық ғылыми -әдістемелік орталығы ұйымдастырған Республикалық блиц-турниріне мектебіміздің математика пәнінің мұғалімі Мирзакулов Бакитжан Пардакулович, тарих пәнінің мұғалімі Ербосын Қалипа

Сейділдақызы, физика пәнінің мұғалімі Пияшова Гүлжазира Абдималиковна қатысып, I дәрежелі дипломдармен марапатталды.

Жас мамандармен бірге атқаратын жұмыстардың жоспары жас мамандар және оларға бекітілген тәлімгерлерге ZOOM платформасы арқылы 2 қазан күні таныстырылды. Жас мамандар және оларға бекітілген тәлімгерлер сол конференцияға қатысты. Олар төмендегі кестедегі көрсетілген мұғалімдер мен тәрбиешілер:

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Өтілі	Бекітілген тәлімгер
1.	Құрбанбек Гүлбаршын Құлыншақызы	Орыс тілі, әдебиеті	1 жыл, 9 ай	Петралиева Зулайха Баратовна
2.	Ергешбаева Баян Кодирбоевна	Физика	1 жыл 6 ай жыл	Орынбаев Бақтияр Сейдуллаевич
3.	Сейдалиев Қайрат Оралбекұлы	Тәрбиеші	1 жыл 5 ай	Баймбетова Нархал Оразовна

Конференцияда ДҒІЖО-ның жылдық жоспарына сәйкес тапсырмалар берілді. Тапсырмаларды орындау барысында бекітілген тәлімгерлердің атқаратын қызметтері жайлы түсіндіріліп, тапсырмалар берілді. Ағымдағы оқу жылының қыркүйек, қазан айларында барлық жас мамандардың қашықтан (WhatsApp, ZOOM платформасы арқылы) сабақтары мен тәрбие сағаттарына әкімшілік тарапынан мұғалімдер бекіліп, сабақты бақылау жұмыстары үнемі орындалып отырды.

2020 жылғы 5 қазан күні Қазақстан тарихы пәні бойынша мектепшілік «Менің кіші Отаным» олимпиадасы қашықтан өткізілді. Олимпиадаға 10 «А» және 10 «Б» сыныптарынан жалпы 12 оқушы қатыстырылды. Олимпиада екі кезеңде өтілді. Бірінші кезеңде оқушы өзінің туған жері туралы эссе жазды. Екінші тур тест тапсырмаларын беру арқылы өткізілді. Мектепшілік кезеңнің нәтижесі бойынша төмендегі оқушылар жоғары ұпайға ие болып, облыстық кезеңге ұсынылды. Олар: Асқар Шұғыла Сматқызы, Сламхан Ақбота Мадикқызы, Алеуетдинов Алтынбек Габидинұлы және Турсумурат Венера Серікқызы.

2020 жылға 12 қазан күні «Менің кіші Отаным» конкурсының облыстық кезеңі қашықтықтан өткізілді. Конкурс әдеттегідей 4 номинация бойынша өткізілді. Әр номинация бойынша бір оқушыдан қатыстырылды. Конкурсқа 10 «А» және 10 «Б» сынып оқушылары және олардың жетекшілері тарих пәнінің мұғалімдері Ербосын Қалипа Сейділдақызы және Бегайдарова Индира Ибаділдақызы өздеріне тапсырылған жұмыстарын белсене атқарды. Облыстық кезеңнің нәтижесі бойынша оқушыларымыз жүлделі орындарға іліне алмаған.

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Облыстық дарынды балаларды анықтау және қолдау орталығының»

ұйымдастыруымен 2020 жылғы 16 қазан күні қашықтықтан «Лингвистикалық олимпиадаға» өткізілді. Олимпиадаға 9-10 сыныптан 7 оқушы қатыстырылды. Қараша айы бойында мектеп әкімшілігі тарапынан қашықтан 4 рет ҰБТ байқау тесті алынды. Педагогикалық ұжым әрбір байқау тест нәтижесіне мұқият анализ жасап, пән мұғалімдері оқушылармен қашықтан жүйелі түрде кәтемен жұмыс жүргізіп отырды.

Мектеп әкімшілігі 11-сынып оқушыларын қажетті тест материалдарымен қамту бойынша бірқатар жұмыстар жүргізді.

9А,Б,В сынып оқушыларынан қашықтан ОЖСБ байқау тесті алынып, нәтижесі бойынша жүйелі түрде қашықтан кәтемен жұмыс жүргізуге терең мән берілді.

Қараша айының 2 жұлдызында мектептің жылдық жоспарына сәйкес негізгі пәндер бойынша мектепшілік олимпиаданың материалдарын дайындау пән бірлестіктерге тапсырылды. Барлық негізгі пәндер бойынша олимпиадалық топтар құрылды. 26-27 қараша күндері материалдар толығымен жинақталды. Әдістемелік кеңес тарапынан тексеріліп, бекітілді.

Қараша айының бірінші аптасында қашықтан Қ.Сәтбаев атындағы олимпиадаға мектептің 9-сынып оқушылары Асан Сымбат және Амангелді Шұғыла қатыстырылды. Олимпиаданың нәтижесі бойынша екі оқушы да жұлделі орындарға ие бола алмады.

Қараша айының 30 күні айлық жоспарға сәйкес мектепшілік олимпиада қашықтан өткізілді. Олимпиада кезінде WhatsApp желісі арқылы әр пән бойынша тапсырмалар оқушыларға беріліп, орындалған тапсырмаларды пән комиссияның тексеруі бойынша облыстық кезеңге қатысатын оқушылар анықталды.

2020 жылғы 09-11 қараша күндері «Жас ғалым» ғылыми қоғамы онкүндігінің ашылуы қашықтан өткізілді және жоспар бойынша жұмыстар тапсырылды. Ол онкүндіктің нәтижесі бойынша 32 ғылыми жоба іріктелінді. Нәтижесі бойынша 26 жұмыс облыстық кезеңге ұсынылды.

23-27 қараша аралығында Облыстық «Дарынды оқушыларды анықтау және қолдау орталығы» КММ-нің 29.10.2020 ж. №2-2/50 хаты негізінде Әл-Фараби олимпиадасына 8-11 сынып оқушылары қатыстырылды.

26-27 қараша күндері іріктеуден өткен оқушылармен ғылыми жобаны қорғау презентациясы мен видеосы қашықтан әзірленді. Жетекшілердің тапсырмаларымен оқушылар тапсырмаларды өз уақытында орындап шықты. 30 қараша күні облыстық Дарын орталығына жіберілді.

Тарихи мағлұматтар беру арқылы оқушылардың білімдерін жетілдіру мақсатында 02.11.20 ж тарих пәні мұғалімдері 7 а,б,в сыныптарында «Ұлы жібек жолы» онлайн танымдық сағаттарын өтті.

«Жастар жемқорлыққа қарсы» плакаттар байқауы 10-11 сыныптар арасында 3.11.2020ж өтіліп, қорытындысы шығарылды.

4.11.2020ж күні «Мектеп және отбасы арасындағы ынтымақтастық» тақырыбында әр сыныпта онлайн ата-аналар жиналысы өткізілді. 1 тоқсан қорытындысы мен күзгі демалыс кезіндегі мектепте атқарылатын іс-шара жоспарымен таныстырылды.

Оқу жылының алғашқы тоқсаны аяқталып, оқушылардың күзгі демалыс уақытын тиімді әрі қызықты өткізу үшін «Қазақстан балалары – күзгі интерактив!» іс-шаралары жопарланып, карантиндік шаралардың қатаңдатылуына байланысты барлық іс-шаралар онлайн режимде өтелді.

Білім алушыларды құқықтық ақпараттандыруға, шығармашылық және зияткерлік дамытуға, отбасылық құндылықтарды нығайту мақсатында 20 қазан мен 20 қараша аралығында, яғни күзгі демалыс кезінде Дүниежүзілік балалар күніне арналған «Бала құқығы – адам құқығы» айлығына іс-шаралар түзіліп, онлайн түрде өткізілді.

«Асар» челленджі – балалардың өз отбасыларына, туыстарына, мұқтаж жандарға қол ұшын беру мақсатында 05.11.2020ж өткізіліп, оқушылар бейнежазбаларын жіберді.

Интеллектуалды бағытта «Шахмат - стратегиясы» ортаңғы және жоғарғы буын сынып оқушылары арасында жарыс ұйымдастырылып, 10 а сыныбынан Сабитов Жеңіс, Рахманберді Нұрлыбек, 10 б сыныбынан Жорабек Азат пен Мұстапаев Нұртас жеңімпаз атанды.

7 қарашада кәсіптік бағдар беру мақсатында «Мамандықтың бәрі жақсы» тақырыбында Қазақстан университеттеріне виртуалды саяхат жүргізіліп, оқушылар өз ойларымен бөлісті.

Білім алушылардың бойында патриотизм мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру мақсатында «Қазақстан- менің Отаным» тақырыбында балалар суреттерінің көрмесі ұйымдастырылды.

11 «в» сынып оқушысы Үсен Мерей, 10 сынып оқушысы Қалжігітов Қайрат, Заманбек Гүлзира, Әмірбек Асылдай, Қалқұлова Жұлдыз, Сапарали Нұрсұлтан 9 сынып оқушысы Рысқұл Ерасыл, 8 сыныптан Убайдулла Рәт, Құдайберген Үміт, 7 сыныптан Әбдіқадір Рамазан жұмыстары жарияланды.

Оқушылардың жеке ән, би өнерлерін ашу мақсатында «Дарындылар әлемі!», «Салауатты өмір салтын ұстанайық!» тақырыбында отбасымен орындаған жаттығуларын видеоға түсіру, «Отбасы сәнді шеберхана» балалар қолөнерінің көрмесі, «Отаныңа қызмет ет!» құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатындағы сынып сағаттары өткізіліп, мектебіміздің «Ж.Қаппаров» facebook парақшасына жарияланды.

Бауыржан Момышұлының өмірі мен өсиеттері жайлы «Тұлғасы тұңған тәлім, есімі елге мәлім» тақырыбында оқушылар мен ата-аналар арасында челлендж ұйымдастырылды.

«Экос» клубы «Туған өлкеміздің дәрілік өсімдіктері мен экологиясы» тақырыбында ғылыми жоба байқауын өткізді. Салауатты өмір салты дағдылары мен дене тәрбиесі мәдениетінің жоғарғы деңгейін қалыптастыру мақсатында «Салауатты өмір салтын сақтау-болашақты жақтау» тақырыбында мектеп дәрігерімен кездесу 17.11.2020ж 9 сыныптармен өткізілді.

Ішкі еркіндікті, жігерлілікті, өзіне деген сенімділікті дамыту арқылы, мамандық таңдауға баулу мақсатында «Біз таңдайтын кәсіптердің тиімділігі неде?» 11 «а»; 11 «б» сыныбында «Сен қандай мамандық таңдайсың?» «Өз келешегіңді таңдай біл!» 11 «в» сыныбында 21.11.2020ж күні жүргізілді.

Өскеген ұрпаққа Тұңғыш Президенттің басшылығымен жүргізілген тәуелсіз Қазақстанның негізгі реформаларының маңыздылығын жеткізу мақсатында, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Күніне орай Қазақстан Тәуелсіздігінің құндылықтарын насихаттау бойынша бекітілген іс-шаралар жоспарын басшылыққа ала отырып мектебімізде «Тәуелсіздіктің 7 қыры» циклының деректі фильмдері көрсетілді.

Әр өткізілген іс-шарадан, сынып сағатынан кейін білім алушылардың аталған тақырыпқа қатысты қалыптасқан түсінігін талқылау ұйымдастырылды.

23.11.2020ж «Тәуелсіздіктің 7 қыры» циклының «Бір ел,бір тағдыр»; «Один народ,одна судьба» <https://dropmefiles.com/XgOv8> (Бір ел, бір тағдыр); <https://youtu.be/5G0wfeVyKEA> (Один народ, одна судьба); 25.11. «Тәуелсіздіктің 7 қыры» циклының «Болашаққа бастар жол»; «Линии жизни» деректі фильмін <https://dropmefiles.com/XgOv8> (Болашаққа бастар жол); https://youtu.be/TZyM_OYaOWE (Линии жизни);

27.11 «Тәуелсіздіктің 7 қыры» циклының «Парасатты шешім»;«Мудрое решение»деректі фильмін <https://dropmefiles.com/XgOv8>(Парасатты шешім); https://youtu.be/y_Vrhd5y1ds (Мудрое решение);

30.11.2020ж «Тәуелсіздіктің 7 қыры» циклының «Сын сағат», «Час испытаний» деректі фильмін <https://dropmefiles.com/XgOv8> (Сын сағат); <https://youtu.be/JrQ4qxuZQXo> (Час испытаний); 7-11 сынып білім алушыларына көрсетілді.

«Тәуелсіздіктің 7 қыры» циклының «Бір ел,бір тағдыр»; «Один народ,одна судьба»тақырыбында эссе байқауына оқушылар белсене араласып,өз ойларын жеткізді.

11 сыныптар арасында эссе қорытындысы бойынша 1 орынды -Сауранова Әсем;2 орынды- Қасымбек Назерке ;3 орынды- Аман Айдана; 10 сыныптардан 1 орын- Тұрсынмұрат Венера,2 орынды- Абдрахманов Мұрат ,3 орынды - Мелдехан Аяулым; 9 сыныптар арасында 1 орынды - Тоқтарова Тоғжан, 2 орынды - Әмірәлі Ұлжан, 3 орынды -Закир қызы Зейнел иеленіп, « Ж.Қаппаров» facebook парақшасына жарияланды.

Әлеуметтік желілерде жариялау арқылы «Бірлігіміз жарасқан!» патриоттық әндердің челленджі өткізілді.

«Тәуелсіздіктің 7 қыры» циклының «Болашаққа бастар жол»; «Линии жизни» деректі фильмі бойынша викторина сұрақтары түзіліп,оқушылармен ойын ұйымдастырылды.

Сыныптар арасында жеңімпаздар анықталып,мақтау қағаздарымен марапатталды.

«Қазақстан ядросыз мемлекетке айналуындағы Тұңғыш Президент-Елбасының рөлі» конференциясы,Тұңғыш президент – Елбасы күніне арналған «Менің Қазақстаным!», «Менің Тұңғыш Президентім» суреттер байқауы өткізіліп, қорытындысы мектеп « Ж.Қаппаров» facebook парақшасына жарияланды.

Қараша айында 9-11 сынып тәрбиешілерінің сұраныстары бойынша 6 оқушымен жекеленген жұмыс жүргізілді. Жұмыста кеңес беру бағытына басымдылық берілді.

Тәрбиешілердің қатысуымен ағарту сабағы ұйымдастырылды. Ондағы мақсат – қашықтықтан оқытуда баланың жауапкершілігі талқыланды. Қызу талқылаудан кейін тренингтің бірнеше элементтерімен жұмыс жүргізілді

7-8 сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілеттерін шыңдау мақсатында онлайн режимінде жаттығулар орындап, оқушылар өздеріне баға беріп өтті. Миға шабуыл жасайтын жаттығуларды орындауда 7а,б,8б сынып оқушыларының басымдылығы байқалды

11-сынып оқушыларымен «Емтиханға қалай жақсы дайындалуға болады?» тақырыбында қысқа лекция оқылып, Қазақстанның үздік ЖОО-ры туралы бейне ролик көрсетілді.

«Құрметтім, саған не тілейін!» тақырыбында 8абв сыныптарында өзара пікір алмасу /онлайн/ ұйымдастырылды.

Алдын-алу бағыты бойынша тәрбиешілермен біргелікте барлық сыныптың ата-аналар чатында түсінік жұмысы жүргізілді. Мұнда оқушының сабақтан тыс уақытта телефонға деген тәуелділігінің алдын-алу мен қадағалау керектігі айтылды.

Жоспардан тыс тәрбиешілермен бірлесе отырып 7-11 сынып оқушыларымен «Тәуелсіздіктің 7 қыры» циклы «Болашаққа бастар жол» атты деректі фильмдері көрсетіліп, викториналық сұрақтар бойынша сайыс өткізілді.

Нәтижесінде төмендегі оқушылар жүлделі орындарды иеленді.

1. Сапарұлы Санжар 7б сыныбы I орын;
2. Міркәрім Дінмұхаммед 7а сыныбы II орын;
3. Мүтәлі Жанна 7б сыныбы III орын;
4. Атабекова ҰЛжан 8а сыныбы I орын;
5. Қаржау Саапрмұрат 8а сыныбы II орын;
6. Тастан Ерасыл 8б сыныбы III орын;
7. Сулайманов Нуринбек 10б сыныбы I орын;
8. Амиралиева Ұлжан 9а сыныбы II орын;
9. Жолдыбаева Жанел 10б сыныбы II орын;
10. Мырзақұл Жаңыл 10б сыныбы III орын.

Кеңес беру бағыты бойынша 6 О, 1 Т, 1 М. 3 А-А кеңес берілді. Сұраныс бойынша тәрбиешілерден 4 сұраныс келіп түсті. Сұраныспен түскен оқушылармен жеке жұмыс атқарылып, бағыт-бағдар көрсетілді.

Мектептің оқу - тәрбие жоспарында көзделгендей 6 қараша күні «Шахмат стратегиясы» тақырыбында ортаңғы және жоғарғы буын сынып оқушылары арасында онлайн режимде жарыс ұйымдастырылды.

Желтоқсан айында ҰБТ байқау тесттерінде төмен нәтиже көрсеткен оқушыларға пән мұғалімдерінің жеке қосымша онлайн сабақтары қойылды.

Оқушыларды электронды және қағаз форматындағы жаңа тест материалдарымен қамтуға көп мән беріліп, базалық тест мектептің баспа құралдары арқылы кітапша түрінде шығарылып, оқушыларға берілді, сондай ақ оқушылар жекелеген пәндер бойынша базалық тест материалдарымен қамтылды.

Әр апта сайын алынатын онлайн байқау тестінің нәтижесі бойынша оқушыларға, ата-аналарға және пән мұғалімдеріне қозғау салып отыруға айрықша назар аударылды.

Байқау тесттерінен соң жеке қатемен жұмысқа көп мән берілді.

Онлайн өткізілген Шығармашылық топ отырысында, Методикалық бірлестік отырысында ҰБТ-ға, ОЖСБ-ға дайындауда мол тәжірибесі бар білікті пән мұғалімдерінің шығармашылық есептері ұйымдастырылды.

11-сыныптардағы таңдау пәндері бойынша онлайн байқау тест нәтижелері өз деңгейінде болмай, төмен көрсеткіштермен сипатталды.

ОЖСБ-ға қосымша дайындық сабақтары оқу бағдарламасындағы барлық негізгі пәндер бойынша қашықтан қойылып, жүйелі түрде жалпы және индивидуалды дайындық жұмыстары жүргізілді.

9А,Б,В сынып оқушыларынан 3 рет онлайн ОЖСБ байқау тесті алынып, нәтижесі бойынша жүйелі түрде қатемен жұмыс жүргізуге, ата-аналармен байланысқа терең мән берілді.

9-сынып оқушыларымен және олардың ата-аналарымен келісе отырып, ата-ана қаражаты есебінен оқушылар ұлттық тестілеу орталығы әзірлеген тест кітапшаларымен қамтамасыз етілді.

Оқушылардың 1 жарты жылдық бойынша үлгерімі жайлы мәліметтер жинақталып, анализ жасалды және АББ мен ОББ-на қажетті есептер берілді. Барлық пәндер бойынша тоқсандық қорытынды бағалар қойылып үздіктердің, оқу екпінділерінің және үшi бар оқушылардың үлесі төмендегі кестедегідей болды:

мазмұны	7- сынып	8- сынып	9- сынып	10- сынып	11- сынып	мектеп бойынша
II тоқсан соңындағы оқушы саны	64	64	73	75	66	342
Оқу озаты	23	17	15	16	27	98
Екпінділер	41	47	58	59	39	244
«3»- бар оқушы	0	0	0	0	0	0

Барлық негізгі пәндер бойынша тоқсандық қорытынды бағалар мен тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстары жүргізіліп, ол мектеп бойынша төмендегідей нәтиже көрсетті:

№	Пәннің атауы	Сынып	орта балы (%)	Пайыздық үлесі (%)
1	Қазақ тілі мен әдебиеті	7-11	24,8	87,7
2	Қазақ тілі	7-11	27,2	90,7
	Қазақ әдебиеті	7-11	25,4	84,7
	Орыс тілі мен әдебиеті	7-11	14,9	91,4
3	Орыс тілі	7-11	20,6	95,3
4	Ағылшын тілі	7-11	20	83
5	Алгебра	7-11	18,3	41,1
6	Физика	7-11	22,4	81
7	Информатика	7-11	19,7	87,6
8	Биология	7-11	25,2	84,1
10	Химия	7-11	23,7	86,3
	География	7-11	26,3	90,5
	Барлығы:		22,3	83,6

Мектепшілік басшылық пен бақылау кестесіне сай, 2020 жылғы желтоқсан айының бірінші, екінші апталарында мектептегі тарих, география пәндерінің оқытылуын мектеп әкімшілігі тарапынан қашықтан тексеру жұмысы жүргізілді. Тексеру барысы төмендегідей бағыттардан тұрды:

1. Мұғалімдердің сабақ өту әдістемесіне қашықтан анализ жасау
2. Дирекция тарапынан онлайн байқау тест алу.
3. Іс-құжаттарының жүргізілуін тексеру
4. Негізгі, және шығармашылық-зерттеушілік әрекет негіздері пәндерінің жоспарлануын қарау
5. Оқушыларды қашықтан пән олимпиадаларына дайындау жұмыстарын тексеру
6. ОЖСБ (Оқу жетістіктерін сырттай бағалау) және ҰБТ іс-құжаттары мен оған дайындықты қашықтан тексеру.
7. Сыныптан тыс жұмыстардың жүргізілуі (ақысыз үйірмелер т.б)
8. Әдіс бірлестікте тарих және география пәндерінің қаралуы

Мектепте барлығы 5 мұғалім тарих және география пәндерінен сабақ береді. Барлық 5 мұғалімнің сабақтарына екі, үш реттен қашықтан еніп, төмендегідей кемшіліктер мен жетістіктер анықталды.

1. Қ.Ербосын мен Е.Атамқұловтың сабақтарында оқушылардың пәнге деген қызығушылығын оятып, белсенділігін ұштап, сыныптың барлық оқушыларын сабаққа жұмылдыра білу шеберлігі, дауыс ырғағы, сабақ барысында өздерін ұстауы, оқушылармен қарым-қатынас мәдениеті, материалды оқушыға түсіндіріп, жеткізе білудегі әдіс-тәсілдері және пән бойынша теориялық білімдері талапқа сай жоғары деңгейде болғанмен сабақтарында көрнекіліктерді аз қолданады, сондай ақ сабақ өту барысындағы сынып бөлмелерінің тазалығы эстетикалық талғамға сай.

Ал, қалған жас мамандардың сабақ өту шеберлігі орта деңгейде. Бұл мұғалімдерге өзара сабаққа (білікті шығармашыл ұстаздардың) көбірек ену керек, сабаққа дайындықпен келгенімен сабақ өту методикасы яғни шеберлік толыққанды емес. Атап айтар болсақ кітапқа қарап сабақ өту, кейбір сұрақтарға көбірек уақыт жіберу, оқушылардың дәптерлерінің тиянақсыз тексерілуі, сабақта көрнекіліктерді аз пайдалану т.б

2.Тексеру барысында дирекция тарапынан барлық 7-10 сыныптардан онлайн форматта 15- сұрақтық тест, ал 11-сыныптардан ҰБТ-ға дайындық ретінде онлайн 20 және 40 сұрақтық тест алынып нәтижесі мұғалімдер және оқушылармен талқыланды, орта балл көрсеткіші төмендегідей болды:

Пән	7 ^а	7 ^б	7 ^в	8 ^а	8 ^б	8 ^в	9 ^а	9 ^б	9 ^в	10 ^а	10 ^б	10 ^в	11 ^а	11 ^б	11 ^в
тарих	11,1	10,2	10,1	11,2	11,5	10,6	10,1	11,4	9,4	12,1	11,4	14,2	20	18,3	17,9
геог	11	10,1	9,9	9,1	12,0	10,0	10,1	10,1	9,7	10,5	11,2	11,1	20	17,6	17,1

3.Электронды сынып журналдарында оқушылардың баға қорлары жеткілікті, әрбір күнге 5-6 бағадан қойылған, жазба жұмыстарының бағалары уақтылы қойылған.

Мұғалімдердің жеке папкалары жаңартылмаған, кейбір оқушылардың жұмыс дәптерлері уақтылы тексерілмеген, кейбір сыныптарда тарих және география пәндерінен оқушылар біліміне диагностикалар түзілмеген, оқушылар білімі талқыланбаған.

4. Тарих пәні бойынша негізгі, шығармашылық және зерттеушілік әрекет негіздері сабақтарының күнтізбелік жоспарлары бағдарламаға сай жасалынған, бірлестікте талқыланып педагогикалық кеңестің қаулысымен бекітілген, мерзімі қойылған, 2020-2021 оқу жылында рұқсат етілген оқулықпен түзілген және мектептің қолға алған типімен кітапша етіп шығарылған.

5.Оқушыларды пән олимпиадасына қашықтан дайындау жұмысы дұрыс жолға қойылған, мұғалімдер олимпиадаға дайындық жоспарларын түзген, ол бойынша олимпиадаға дайындық сабақтары аптаның дүйсенбі және сәрсенбі күндері қашықтан өткізіледі. Оқушылардың қызығушылығы мол, қатысуы жақсы жолға қойылған.

6.ОЖСБ және ҰБТ-ға дайындық жоспарлары бірлестік отырысында талқыланып мектеп директорымен бекітілген. Арнайы қосымша сабақ кестесі бойынша дайындық сабақтары қашықтан жүргізіліп келеді, бірақ нәтижесі өз деңгейінде емес.

7.Ақысыз үйірме құжаттарының жүргізілуі талапқа сай және жұмысы қашықтан өз деңгейінде жүргізуде.

8.Әдіс бірлестік отырысында тарих және география пәні мұғалімдерінің жылдық күнтізбелік жоспарлары талқыланған, жазба жұмыстарының және ашық сабақтарының кестесі шығарылған.

2020-2021 оқу жылының желтоқсан айында республикалық пән олимпиадасына қашықтан дайындық жұмыстары жүргізілді. Бұған дейін оқушылардың пәнге деген қызығушылығын анықтау мақсатында арнайы сауалнама алынған. Соның нәтижесінде әр пән бойынша 9-10 оқушыдан құралған топтар анықталған.

Барлық пәндерден арнайы кесте бойынша сенбі күндері олимпиадаға дайындық жұмыстары қашықтан жүргізілді. Қараша айында мектеп директорының «мектепішілік олимпиада өткізу туралы» арнайы бұйрығы бойынша олимпиадалық тапсырмалар әзірленіп, барлық пәндер бойынша әдістемелік бірлестігінің қашықтан өткен отырысында материалдардың деңгейінің сәйкестігі бойынша сапасы тексерілді. Пән бірлестік жетекшілері әр пән бойынша олимпиада материалдарын жинақтап, 2 желтоқсан күнге дейін тапсырды.

Мектепішілік пәндік олимпиада қашықтан ZOOM және WhatsApp арқылы 2020 жылы 5 желтоқсанда өткізілді. Олимпиадаға 7-11 сыныптардан 117 оқушы қатыстырылды. Екі күнге арнайы олимпиаданы өткізу кестесі түзілді. Мектепішілік олимпиадаға қазылар алқасы мектеп директорының бұйрығымен бекітілді.

Олимпиада барлық негізгі пәндерден өткізілді. Оқушылардың орындалған жұмыстары уақтылы тексеріліп, жеңімпаздар анықталып, хаттамалары толтырылды.

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Облыстық дарынды балаларды анықтау және қолдау орталығының» ұйымдастыруымен желтоқсанның 09-11 күндері аралығында қашықтықтан өткізілген VII республикалық «Ақберен» өнер байқауына 9-11 сынып оқушылары қатыстырылды. Байқауға төмендегі тізімдегі оқушылар 5 номинация бойынша қатысты:

№	Қатысушының аты-жөні	Номинация атауы	Жетекшісінің аты-жөні
1	Алеуетдинов Алтынбек Габидинұлы	Шешендік,білгірлік сайысы	Амирбекова Балнур Омирхановна
2	Сапархан Абдуғани Саматұлы	Шешендік,білгірлік сайысы	Таженова Индира Құрманбековна
3	Тайлақов Жандос Жомартович	Көркемсөз оқу	Нурсейтов Алишер Ауезханович
4	Ешанқұл Айжан Қуанышқызы	Көркемсөз оқу	Таженова Индира Құрманбековна
5	Мұзаппархан Бақдәулет Нұржанұлы	Көркемсөз оқу	Амирбекова Балнур Омирхановна

6	Атабекова Ұлжан Берікқызы	Көркемсөз оқу	Таженова Индира Құрманбековна
7	Міркәрім Дінмұхамед Берікұлы	Көркемсөз оқу	Амирбекова Балнур Омирхановна
8	Жақыпбек Тұмар Нұрлыбекқызы	Эссе	Таженова Индира Құрманбековна
9	Ауезхан Динара Алишерқызы	Эссе	Амирбекова Балнур Омирхановна
10	Тұрсынмұрат Венера Серікқызы	Эссе	Амирбекова Балнур Омирхановна
11	Қыдыр Шұғыла Ғаниқызы	Ұлттық аспапта өнер көрсету	Шарапиев Елемес Кумисбекович
12	Мамыров Үсеналихан Улугбекович	Ұлттық аспапта өнер көрсету	Шарапиев Елемес Кумисбекович
13	Құдайберген Үміт Айдосқызы	Ақындар мүшайрасы	Таженова Индира Құрманбековна

VII республикалық «Ақберен» өнер байқауының нәтижесі бойынша «Көркемсөз оқу» номинациясы бойынша 10 сынып оқушысы Атабекова Ұлжан II орын, 11 сынып оқушысы Тайлақов Жандос номинация иегері болды. Қалған номинациялар бойынша жүлделі орындар болған жоқ. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Облыстық дарынды балаларды анықтау және қолдау орталығының» ұйымдастыруымен өткен «Baytag El» экологиялық олимпиадасына төмендегі кестедегі оқушылар қатыстырылды:

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Оқу тілі	Жетекшісінің аты-жөні
1.	Алеуетдинов Алтынбек Габидинұлы	10	қазақ	Еликбаева Жанат Тасболатовна
2.	Сламхан Ақбота Мадикқызы	10	қазақ	Еликбаева Жанат Тасболатовна
3.	Ізбасхан Жансая Полатбекқызы	9	қазақ	Еликбаева Жанат Тасболатовна
4.	Сайлау Ерлан Оразбайұлы	9	қазақ	Еликбаева Жанат Тасболатовна
5.	Зикрия Әсем Темірханқызы	10	орыс	Сарибаева Лаззат Халикуловна
6.	Тайлаков Жандос Жомартович	11	орыс	Сарибаева Лаззат Халикуловна

«Baytag El» экологиялық олимпиадасының нәтижесі бойынша 10 сынып оқушылары Алеуетдинов Алтынбек I орын, Сламхан Ақбота II орын, Зикрия Әсем II орын, 9 сынып оқушылары Избасхан Жансая II орын иегері болды.

2020-2021 оқу жылындағы жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жоба жарысының облыстық кезеңінің іріктеу турынан 4 жұмыс өткен болатын. Сол жұмыстардың ішінен 2 жұмыс: Техника секциясы бойынша «Күн энергиясымен жұмыс жасайтын шағын көлік жууға

арналған құрал» тақырыбындағы жұмыс ІІ орын, Этно-мәдениеттану секциясы бойынша «Атбұлақ елді мекенінде этно-ауыл жасау, туристтерді тарту» жобасы жүлделі ІІІ орынды иеленіп, төмендегі кестедегі жеңімпаздар 9-12 желтоқсан аралығында ғылыми жобаның тестілеу кезеңіне қатыстырылды:

№	Аты-жөні	Жобаның атауы	Сыныбы	Алған орны
1	Сауранова Әсем Нұржанқызы	Күн энергиясымен жұмыс жасайтын шағын көлік жууға арналған құрал.	11	2
2	Жақыпбек Тұмар Нұрлыбекқызы	Атбұлақ елді мекенінде этно-ауыл жасау, туристтерді тарту.	11	3
3	Қалжигитов Қайрат Нурғалиұғлы		10	

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Облыстық дарынды балаларды анықтау және қолдау орталығының» ұйымдастыруымен өткен «Зерде» республикалық ғылыми жобалар конкурсының облыстық кезеңіне төмендегі кестедегі оқушыларымыздың жұмыстары қатыстырылды:

№	Автордың аты-жөні	Жобаның атауы	Секциясы	Сыныбы
1	Міркәрім Дінмұхамед Берікұлы	Абай қара сөздеріндегі афоризмдер	қазақ әдебиеті	7
2	Баймахан Мирас Ермаханұлы	Үздіксіз бөлшектер, лайықты бөлшектер.	математика	7
3	Рахматулла Мерей Дәулетбекқызы	Галактикалардың пайда болуы және өзгеруі	физика	7
4	Спабек Алина Абылханқызы	Атбұлақ елді мекенінде "Сүйіспеншілік мекені" атты этноауыл ашу.	этномәдениеттану	7

1 желтоқсан – тұңғыш Президент күніне орай кітапханада көрме ұйымдастырылды. Көрменің мақсаты-Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өмір жолы, туып-өскен, оқып білім алған қызмет еткен жерлері туралы мағлұмат беру; оқушыларды Елбасының өмір жолынан үлгі ала отырып Отанын, халқын сүйуге, ержүректілікке, азаматтыққа, патриоттық сезімге тәрбиелеу; шәкірт жүрегінде Елбасына деген сүйіспеншілік сезімін ояту, құрметтеуге тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Күніне орай Қазақстан Тәуелсіздігінің құндылықтарын насихаттау бойынша оқушыларға «Тәуелсіздіктің 7 қыры» циклының «Жаңғыру жолы», «Болашаққа бастар жол», «Бір ел, бір тағдыр», «Елдіктің бастауы», «Парасатты шешім», «Сын сағат», «Ұйымдасқан ұтады» тақырыптарында деректі фильмдер көрсетіліп, сынып сағатынан кейін білім алушылардың аталған тақырыпқа қатысты қалыптасқан түсініктері талқыланды.

9,10,11 сыныптар арасында «Тәуелсіздіктің 7 қыры» циклының «Бір ел, бір тағдыр»; «Один народ, одна судьба» тақырыбында эссе байқауы өткізілді, төмендегі оқушыларға мектеп директорының грамоталары табысталды.

11 сыныптар арасында

1 орынды Сауранова Әсем;

2 орынды Қасымбек Назерке;

3 орынды Аман Айдана;

10 сыныптар арасында

1 орынды Тұрсынмұрат Венера;

2 орынды Абдурахманов Мұрат;

3 орынды Мелдехан Аяулым;

9 сыныптар арасында

1 орынды Тоқтарова Тоғжан;

2 орынды Әмірәлі Ұлжан;

3 орынды Закирқызы Зейнел

7-10 сынып оқушыларына тәрбиешілерімен біргелікте Тәуелсіздіктің 7 қыры» циклының «Болашаққа бастар жол»; «Линии жизни» деректі фильмі көрсетілді. Көрсетілген фильмдер бойынша викториналық сұрақтар әзірленіп, оқушылар арасында сайыс өткізілді. Нәтижесінде төмендегі оқушылар жүлделі орындармен марапатталды.

1 Сапарұлы Санжар 7 б 1 орын

2. Міркәрім Дінмұхаммед 7 а 2 орын

3. Мүтәлі Жанна 7 б 3 орын

4. Атабекова Ұлжан 8 а 1 орын

5. Қаржау Сапармұрат 8 а 2 орын

6. Тастан Ерасыл 8 б 3 орын

7. Сулайманов Нұрынбек 10 б 1 орын

8. Жолдыбаева Жанель 10 б 2 орын

9. Әміралиева Ұлжан 9 а 2 орын

10. Мырзақұл Жаңыл 10 б 3 орын

Патриоттық әндер челленджіне 7 «а» сынып оқушылары

М. Дінмұхаммед, Қ. Саян; А. Бақыт; М. Әуесхан; Д. Өскенбай Д. Көмек белсенділік танытты.

Тұңғыш президент – Елбасы күніне арналған «Менің Қазақстаным!», «Менің Тұңғыш Президентім» тақырыбында онлайн аудандық сурет байқауы ұйымдастырылды. 53 жұмыс көрсетіліп, төмендегідей көрсеткіш көрсетті.

Жоғарғы сыныптар арасында:

Бас жүлде Алқұлова Жұлдыз 10 сынып Ж. Қаппаров атындағы

№5 физмат 1 орын Сүйеубаева Сания 10 сынып Қ. Сатпаев мектеп –лицейі

2 орын Нығмат Жұлдыз 9 сынып Елшібек батыр атын. мектеп –лицейі

3 орын Қазыбек Ажар 9 сынып Жаңатірілік ЖОМ

Төменгі сыныптар арасында:

1 орын Нұржан Жандос 4 сынып Б.Момышұлы атындағы ЖОМ

2 орын Файзуллаев Ильяс 5 сынып Б.Момышұлы атындағы ЖОМ

3 орын Дарханбек Аруна 2 сынып Қызылтан мектебі

3 орын Бөрібай Айзере 2 сынып Қызылтан мектебі.

Кітапханада 04.12.-05.12.2021 ж күндері «Ғасырдың керемет азаматы» атты кітап көрмесі өтті.

«Қазіргі Қазақстан, Елбасының көшбасшылық сабақтары» атты

Қазақстан тарихы бойынша мектепішілік олимпиада өткізілді.

«Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуындағы Тұңғыш Президенттің рөлі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

14.12-19.12.2021ж күндер аралығында 7-8 сынып білім алушыларының қатысуымен «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің Музейіне» онлайн экскурсия жасалды.

1-желтоқсан –Халықаралық СПИД-ке қарсы күрес күні « СПИД-тен сақтан!» деректі фильмі онлайн көрсетілді. Халықаралық СПИД-ке қарсы күрес күніне орай мектебімізде 9 сыныптар арасында «ЖҚТБ (СПИД) ауыруынан қорғанудың жолы ,салауатты өмір салтын ұстау» тақырыбында тәрбие сағаты, 10 сыныптар арасында «СПИД-тен сақтан! тақырыбындағы мектеп дәрігерімен кездесу өткізілді, мақсаты аурудың алғашқы және негізгі белгілері,одан сақтану жолдары, оның жұғу жолдарынан сақтана және қорғана білу,жаман әрекеттерден аулақ болуға тәрбиелеу.

3 желтоқсан - Халықаралық мүгедектер күніне орай тәрбие сағаттары 9-10 сынып білім алушыларымен «Қайырымдылық –жылы жүректен» тақырыбында қашықтықтан өткізілді.

10 желтоқсан «Халықаралық құқық күніне» орай оқушылардың құқықтық білімдерін арттыру және заң алдындағы жауапкершіліктерін арттыру мақсатында «Балалар құқығы туралы Декларация» лекция сабағы 9 «а» сынып оқушыларымен қашықтан өтті. 10 және 11 сынып оқушылары арасында «Өз заңым –өз арым» тақырыбында лекция сабақ ұйымдастырды.

Оқушыларға заң білімі саласынан мағлұмат беру; өз құқықтарын жете білуге, өз беттерімен салыстыра білуге, өмірде қолдана білуге үйрету; құқықтық білімдерін толықтыру мақсатында 10 желтоқсан күні – «Құқықтық сауаттылық-уақыт талабы» атты ашық тәрбие сағаттары 10-11 сынып тәрбиеленушілерімен өткізілді.

Балаларға тәуелсіздік туралы ұғындыру, туған жерін елін құрметтеуге тәрбиелеу, патриоттық сезімдерін ояту мақсатында 16-желтоқсан оқиғасына байланысты «Тәуелсіздік Желтоқсаннан басталады» атты ашық тәрбие сабақтары өткізілді.

Экологияға байланысты ғылыми жоба жұмыстарын қорғау мақсатында «Жас табиғат қорғаушылар» іс –шарасы өткізілді. Экологиядан «Baytaq EL» республикалық қашықтық олимпиадасында мектебіміздің оқушылары жүлдемен оралды.

